



**Азбанбаев Марат Ақторғайұлы**  
*Қазақстан Республикасы Судьялар одағының мүшесі,  
отставкадағы судья*

## ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗІНДЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ТІЗБЕСІН ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ

### **Қасым Аманжолов – жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны**

Мен не жаздым, сонша соңға түскендей...

Біз, саяси қуғын-сүргін құрбандарын саяси-құқықтық тұрғыдан толық ақтап алу үшін, ең алдымен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заңының (әрі қарай Ақтау заңы) тууына себепші болған ғұмырлық оқиғаларды қаз-қалпынша баяндап беруге тиістіміз. Егерде, біз қас заманның құқықтық-саяси портретін дұрыс зерделеп сызып шықсақ, онда біздің елімізде адам құқықтары мен бостандықтарына іс жүзінде, шын мәнінде шынайы кепілдік берерлік нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол ашылмақ.

Елге белгілі академик Серік Қирабаев ақын Қасым Аманжоловтың шығармашылығына қатысты, аспирант шағындағы, сын мақаласын органдардың тапсырысы бойынша жазғаны туралы айтқан ақ адал, деректі сөзін анық ақиқат деп қабылдаймыз. Сол себепті, біз Қасымның «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей» өлеңін жаппай саяси қуғын-сүргін құрбанының қаламынан туған раст сөзді құқықтық дәлел ретінде танитынымызды да мәлімдейміз.

Ақын Қасым Аманжолов «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей» өлеңінде зандылық пен адам құқықтары сөз жүзінде танылғанмен, реалды нақты кепілдіктер берілмеген Советтік мемлекетте өмір сүрген адам баласының басынан өткізген ауыр қайғы-қасіретінен хабар жеткізіп, жазықсыз жапа шеккен жан, зорлық-зомбылықты өз көзімен көрген куә ретінде тура сөйлейді.

Расында да, Қасым Аманжоловтың 1937 жылы Оралдан Алматыға келген уақыты Советтік тоталитарлық биліктің әдеби сынды жаппай саяси қуғын-сүргіннің ұтымды құралы ретінде қолдануының ең шырқау шегіне жетіп, соның салдарынан Қазақстанның ұлттық интелегенциясының үлкен тобы саяси қуғын-сүргінді басынан өткеріп жатқан кезі еді. Ал, ақын Қасым

Аманжоловтың саяси қуғын-сүргінге ілінуге, әлеуметтік қауіпті адам ретінде мемлекеттік органдармен ресми танылу кезегі 1951 жылдың күзінде келеді.

Үйткені, 1917 жылдың 25 қазанында (7 қараша) төңкеріспен келген, жүгенсіз кеткен жаппай саяси құғын-сүргін процессі бір басталған соң өз бетімен, өз еркімен тоқтауға құлық жоқ-тың.

Ақтау заңының кіріспе бөлігінде мемлекет өзінің алдына жаппай құғын-сүргіннің барлық құрбандарын ақтауды мақсат етіп қойғанын мәлімдейді.

Әрине, тәуелсіз, егемен мемлекеттің жаппай саяси құғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге батыл бел байлауы түзу, ақ ниеттен шыққан іс екеніне күмән жоқ. Дегенмен, заң мәтінінде жаппай саяси құғын-сүргінді жүзеге асырған мемлекеттің дербес атауы, репрессияның басталу себебі мен ұйымдастырушы күші көрсетілмеген соң заңды оқыған адамның көңілінде саяси-құқықтық белгісіздік сұрауы пайда болады. Сол себепті, Ақтау заңының кіріспесінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті бұзған Советтік мемлекеттік органдары екендігін анық көрсетуге міндеттіміз.

Сонымен бірге, 1917 жылғы төңкерістен кейін пайда болған «Советтік» деп аталған мемлекетте бүкіл билік бір ғана большевиктер партиясының қолына тиіп, «мемлекеттік билік органдары» деп аталатын құрылымдардың бәрі дерлік сол партияның басқаруына, қадағалауына, бақылауына көшкенін білеміз. Қазақстанда да мемлекеттік саяси-жүйе 1920 жылдан бастап осы үлгі-өнегеде құрылды. Қазақстандағы жаппай саяси құғын-сүргіннің басталу мерзімін біз 1920 жылдың 5 қаңтары деп белгілеуді дұрыс деп табамыз. Саяси репрессияның бастауын осы бір күнге байлап отырғанымыздың бір анық дәлелі ретінде Алматыдағы Президенттің мұрағатында (к.140 т.1, іс.1) сақтаулы жатқан келесі құқықтық құжатты ұсынамыз. Бұл, 5.01.1920 жылы 37 мүшесі қатысқан, коммунистік фракцияның бірінші Советтік Қырғыз Өлкелік конференциясының мәжілісінің хаттамасы. Қазақстанды ежелгі колониялық әдетпен «Киргизский край» деп атайтын. (Ескерту, мақаланың өне бойында бөтен мемлекеттің барлық атаулары сол күйінде алынып отырады.) Ақтөбе қаласында өткен коммунистер фракциясының конференциясында

Ресей коммунистік партиясының (большевиктер) Қазақстандағы біртұтас Орталығын құру туралы қарар қабылданады. Есте ұстайтын дерек – Ресейлік коммунистік партия. Большевизм-Қазақтың құқықтық- мәдени топырағынан жаралмаған, саяси-әлеуметтік негізі жоқ, тарихи жат идеология. Конференция хатшысы Джандосов, төрағасы Мюрат, Түркістан майданының революциялық – соғыс кеңесінің уәкілі. Қазақстандағы Совет үкіметінің барлық орталық және жергілікті органдарына бағыт-бағдар нұсқап және қадағалауды атқарып келген соғыс – революциялық (төңкеріс) комитетінің орнына большевиктер партиясы орнығуы тиіс, ендігі жерде, біз – саяси басшылар және ұстаз болып табыламыз делінген қарарда. Большевик партиясының бұл қарары кейін 1977 жылғы СССР Конституциясының 6 бабында өз орнын табады да, конференция қарары конституциялық нормаға айналады. Яғни, большевиктер өзінің жаппай саяси репрессиясында бүкіл саяси жүйені, қоғамдық құрылымдарды қарулы құрал ретінде жұмсап келгені ісі конституциялық деңгейде заңдастырылады. Мысалы, 1932 жылдың 23 сәуіріндегі большевиктер партиясының қаулысымен бұрынғы түрлі пролетарлық жазушылар ұйымын жауып тастап, жаңа советтік жазушылар одағын құрып, онда коммунистік фракция болуға міндеттеліп, шығармашылық іс партиялық басқару мен қадағалауына өткізіледі. 1934 жылы 15 тамызда өткен Совет жазушылардың бірінші съезі «Партия мен үкімет жазушыларға бар жағдайды жасап отыр» деген желеумен «социалистік реализмді» басшылыққа алып қоғамдық одақ партияның аппаратына құйылды да, әдеби сын жанры жаппай саяси репрессияға тікелей қатысады. Жаппай саяси қуғын- сүргіннің толас таппауының негізгі себебінің бірі және бірегейі Совет империясындағы өкімет билігінің большевик партиясы мен советтерденбүтіндей саяси аппараттың қолына толық көшуі еді. «Саяси аппарат» дегеніміз не, бұл ұғым, құбылыс қай уақытта өмірге келгенін тарихи фактіге сүйеніп қарастырып көрелік. Большевиктердің бір басшысы Троцкий «Саяси аппарат» ұғымы туралы 1921 жылғы Ресей Коммунистік Партиясы (б) X-шы съезінде былай деген: «Біздің партия – жалғыз партия. Сол себепті ол- саяси аппарат боп табылады.» Партия – саяси аппарат болса, партиялық әдебиет те аппараттық

қызметкерлер (номенклатура) табынан табылды. Біз әлі күнге дейін қолданып жүрген «apparatus» зат есімі латындағы «ар – парк criminal in aliquem» – Римдегі сот процесстерінде «біреуге қарсы айыптау деректерін жинау» деген ұғымынан тарайды. Сөз түйіні-Советтік әдебиет – партиялық айыптаушыаппарат. Сол съезде Лениннің жан – жолдасы, оның Шығыстағы сенімді өкілі Г. Сафаров: «Шет аймақтарда пролетариат жоқ. Сондықтан, билік орыстарда болу керек. Қазақтарда Алаш- Орда бас көтеруде» деп ескерту жасады. Ескерту есепке алынды да, советтік әдеби аппарат ұлт ақыны, ғалым Мағжан Жұмабаевқа қатысты айыптау материалдарын жеделдетежинай бастады. С. Мұқановтың: «Мағжанды және басқа да алашордашыларды халық алдында әшкерелеп, олардың халыққа жау элементтер екенін дәлелдеу мақсатымен 1924 жылдың басында Орынбор қаласында Мағжан Жұмабаевтың үстінен әдеби сот жүргіздік. Онда: 1. Жұмабаевқа қазақ халқының және қазақ халқының қорғанышы – «Кенес өкіметінің де жауы» ретінде үкім шығардық. 2. Оның барлық шығармаларын оқырмандар аудиториясынан алып тастап, оқуға тыйым салу туралы үкіметке өтініш түсірдік. 3. «Бұдан былай кеңестік баспа орындары М. Жұмабаевтың шығармаларын жариялауға жол бермеуі 9 керек!» – деп әдеби-идеологиялық үкім шығардық.» Сонымен, 1920 жылғы идеологиялық үкім шығарушы «Советтік әдеби- сот» процесстері жүз жыл бұрын Сперанскийдің дала жұртына 1822 жылы енгізген Сібір ережесі, патшаның 1862 жылғы Сот реформасы мен 1865 жылғы жерді тартып алу заңдарының тікелей мұрагері болып шыға келді. Ол туралы Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде нақты деректер негізінде жан-жақты қамтылып жазылған екен. Мұстафа Шоқай, 1917 жылы Петербургтегі «Совет рабочих и солдатов» атты ұйымның басшысы Н.С. Чхеидзеден бастап талай орыс социал-демократтармен таныс, істесадам, елдегі саяси ахуалды жетік білетін саясаткер, қас заманды былайша сипаттаған: «Соқыр еліктеу салдарынан орыстың отаршыл озбырлығын үйренген жерлестеріміз орыс шовинизімінің сойылын соғып соның «пролетариат диктатурасы», «өзін өзі сынау» деген қаруымен тағы қазақты аңдуда.»

Біздің пайымдауымызша, Ақтау Заңыарнаулы мақсатынан өзге, қоғамдық маңызы бар тәрбиелік қызметімен ерекшеленеді.

Ол, адам баласының өз ісі үшін сұрау болатынын еске салуы. Иә, әркімнің өмірде таңдау еркіндігіне сай әрекет етуге мүмкіндігі, құқығы барлығы бәрімізге аян. Ерік – жігер бар жерде жауапкершілік те болуы заңдылық пен құқықтық тәртіп. Мағжан Жұмабаевтың көріп – білгені бойынша 1917 жылғы февраль революциясы «қалғып отырған қазақ азаматын да қағып оятты. Ояну дәуірінде қазақтың азаматтары «ел ісінің иесі болатын азаматтар шығаратын мектепті жаңа негізге, қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізге құрмақшы еді. Бірақ басталған жыр бітпей үзілді. Қолға алынған іс тиянақталмай қалды. Төңкерістен төңкеріс болды. Толқынан толқын қақты. Тегінде «тағдыр жазған» жолымен қалтақтап келе жатқан қазақ елі Россия революциясы толқынының екпінімен кете барып қанша ұтты, қанша ұтылды, бұл істері жұмбақ, анық шешуін тарих берер. Қазіргі күнде екпіндеп бара жатқанымызда өзімізге өзіміз есеп беруге қол тимейтін түрі бар.» Мағжан Жұмабаев өте дұрыс, тауып, танып айтқан. Есеп беру – ел жады, санасы, жауапкершілігі. Февраль революцияшы, октябрь төңкерісі қазақтың ұлттық еркін қозғалысы емес-тің. Түрлі революция мен реформалар туралы 1862 жылы Шоқан Уәлиханов та ақ патша әкімшілігіне өз пікірін жазбаша жеткізген: «Әр ұлттың өзін өзі билеуге құқығы барлығын жоққа шығару үшін қандай да болмасын билік етуші үкімет халықтың еркін қозғалысын болдырмауға тырысып бағады. Әртүрлі сырттан танылған «революция», «реформалардың» бәріде қазақ ұлтының жалпы адамзаттық өркениет жолымен, өз ерік- жігерімен еркін өсіп-өнуіне кедергі, қиянатшыл, ұлттық рухты күйретуші күш болған соң қазақ халқы үкіметке сенбейді.» деп. Атаң қазақ жаманнан жиреніп, жақсысынан үйреніп, өнеге ал, керектісін ескеріп, ұмытпа десе, коммунизм елесіне елтіп-елегізіп, ессіз мүлгіп ілесіп кеткен жұртөзіне өзі есеп беруді мүлдем естен шығарып алып еді. Олар түгіл, Ресей де өзіне өзі есеп бере алмай қалды да, «Октябрь революциясының» қорытындысын тек 1993 жылы шығарып жаппай саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы заң жариялады. Ресей заңының кіріспесінің біздің заңдағы кіріспесінен айырмашылығы саяси-құқықтық позициясының анықтығында. Оларда саяси репрессияның басталуы мен

орындаушысының аты мен заты нақты көзделген «Советская власть» және «с 25 октября (7 ноября) 1917 года.»

Бүгінгі күні, Президент Ақтау заңындағы жаппай саяси қуғын-сүргіннен жазықсыз жапа шеккендердің бар категориясының толық тізбесін жасау қажет деп арнайы мемлекеттік комиссия құрды. Президенттің жарлығындағы мақсат- міндеттерді орындап шығу үшін, біз Ақтау заңының 1-ші бабына саяси репрессия жүргізуге жауапты «мемлекеттік органдар мен олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдар» тізбесіне саяси қуғын-сүргінге тікелей белсене араласқан, қатысқан, көндіру шараларының алғы шарттарын дайындаған, жол берген, бастаушы, басқарушы, нұсқаушы ролін атқарып, соның негізінде Совет империясы кезіндегі «құзыретті орган» дәрежесіне көтерілген «қоғамдық құрылыс» деп саналатын Коммунистік партиямен қатар СССР Жазушылар Одағын, оның басқару органдарын да енгізуге тиіспіз. Осы жайды ескере отырып біз Парламент пен Үкіметтің қарауына ақын Қасым Аманжоловтың «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей» атты аяқталмай қалған өлеңін Ақтау заңының 1-бабына енгізілуге жататын толықтыруларға негіз боларлық тарихи құжат, факт ретінде зерттеу объектісі деп қарауын қалар едік. Қасымның «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей» өлеңінде ақынды барлық азаматтық, адамдық құқықтарын, бостандықтарын шектеу ғана емес толық айыруға бағытталған саяси себептерден туындаған мәжбүрлеу, көндіру шараларының толық тізбесі суреттелген. Қасым жазықсыз, жолсыз жазаға ұшырауда. Ақынның соңына түсіп алу – қуғын-сүргіннің басы. Қорлық көрсетуде. Тап дұшпаны қылмақ, тап жолдан тайған деп. Тұрмыс-тіршілікте қыспаққа алуда, күн көрісін қиындатуда. Өлімге итермелеп өмірін жоймақ. Ал, тірісінде тұрмыстан аласталып, адамшылық дәрежесінен бездіру. Иә, Қасым Аманжолов айып тағылып сот үкімімен бас бостандығынан айырылған жоқ, өлім жазасына кесілген жоқ, саяси сенімсіз, қауіпті адам ретінде әкімшілік тәртібімен қудаланған емес. Сол себепті, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны деп тануға заңды негіз жоқ дерміз. Дегенмен, асығыстық қылмай, ақырын ойланып бір көрелік. Біз Ақтау заңына енгізілуге жататын толықтыру мен өзгерістердің сол замандағы қоғамның саяси-құқықтық жүйесінен бастау алып

тұрғанын Қасым ақынның тағдыры, оның өлеңі – куәлігі, естелігі, айғақтамасы арқылы суреттеп берелік. Қасым – айғақкер, Қасым шығармашылығы сыналған 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналындағы мақала – құқықтық айғақтама, заңды дәлел. Мақала Қазақстан Совет жазушылар Одағы мен Искусство істері басқармасының айына бір рет шығатын «Әдебиет-искусство» журналының 1951 жылғы октябрь айындағы №10 санында шыққан. Журналда жарық көрген сын мақаланың атауының өзінен ызғарлы саяси леб есіп тұр: «Қ. Аманжолов творчествосындағы жат пікірлер.» Мақала авторы басында «Қасым сөзге бай, мықты ақындардың бірі» деп мақтап алып, іле «Аманжоловтың шығармаларында өгей, бөлек, бөтен Советтік идеяға жат сарындар жиі кездесіп қалады» деп сынауға көшеді. Қасымды ұлтшыл ақын деп айыптай отырып сыншы Серік Қыйрабаев ұлт аралық қатынастар саясатына мынадай ұғым енгізеді: «Аға ұлт – орыс халқы»... Аға ұлты – «Союз нерушимый республик свободных – навеки сплотила Великая Русь.» Ұлттық теңдік керексіз болып қалған. Тура бір Лениннің досы большевик Г. Сафаровтың: «Шет аймақтарда пролетариат жоқ. Сондықтан, билік орыстарда болу керек» деген сөзінің калькасы. Ескі сөз ережесін ескерсек «Аға» – ежелгі құқықтық термин, «ұлкен», «ұлық» деген ұғым береді. «Аға ұлт» – үкім етуші, билеуші, үстем ұлт.ші, үстем ұлт. Басына һәм өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс.

Сыншы Қасым ақынның өлеңіндегі әртүрлі тіркестерді термелей келе түйінді сөзінде, бәріне бір- ақ баға береді: «Өрескел саяси қателер.» Саяси айып тағылуда. Сыншы ойын тереңдете түседі: «Әрине, мұны кездейсоқ туған қателер деуге болмайды. Бұл – қолына қалам алып әдебиетке араласқан кезінен бері Аманжолов творчествосында үздіксіз көрініп, қайталанып кел жатқан теріс көзқарастар системасы.» Жүйе бар, қайталану, рецидив дейді. Жүйе саналы істен тұмақ, яғни осының бәрінде Қасым қасақана қылып, қаскүнем болып шықты демекке сылтау тауып беру. Сыншының шешуші, соңғы сөзі мақалаға тапсырыс берген партиялық аппарат екенін анық байқатады: «Кезінде бір талай сындар айтылды, ҚК(б) Оталық Комитеті тарапынан да ескертулер жасалды. Сонда да, ақын бұл пікірлерден тиісті қорытынды жасамады.»Сыншы мақалада ҚК(б) Оталық Комитеті

атынан сөйлеуге, ақынды саяси айыптауға мандат алған кісідей сөз саптайтыны заңды, үйткені ол тапсырыспен сөйлеп, республика дегейіндегі саяси аппаратты Москвадағы Орталық билік алдында ақтап алмақ. Сыншы түгіл Сталинде ақтап ала алмайтын еді. Аппаратың саяси-құқықтық портретін Совет үкіметінің алғашқы басшысы Ленин (Ульянов) өзі бірінші болып салып кеткен еді "К вопросу о национальностях или об «Автономизации» атты мақаласында, одан артық кім айтар: «Говорят, что требовалось единство аппарата. Но откуда исходили эти уверения? Не от того ли самого российского аппарата, который, как я указал уже в одном из предыдущих номеров своего дневника, заимствован нами от царизма и только чуть-чуть подмазан советским миром. Несомненно, что следовало бы подождать с этой мерой до тех пор, пока мы могли бы сказать, что ручаемся за свой аппарат, как за свой. А сейчас мы должны по совести сказать обратное, что мы называем своим аппарат, который на самом деле насквозь еще чужд нам и представляет из себя буржуазную и царскую мешанину, переделать которую в пять лет при отсутствии помощи от других стран и при преобладании «занятий» военных и борьбы с голодом не было никакой возможности. При таких условиях очень естественно, что «свобода выхода из союза», которой мы оправдываем себя, окажется пустою бумажкой, неспособной защитить российских инородцев от нашествия того истинно русского человека, великоросса-шовиниста, в сущности, подлеца и насильника, каким является типичный русский бюрократ. Нет сомнения, что ничтожный процент советских и советизированных рабочих будет тонуть в этом море шовинистической великорусской швали, как муха в молоке". Лениннің «типичный русский бюрократынын» ісі Абай көрген «ұлықсыған орыстардың законсыз зорлығы» Жаппай саяси қуғын-сүргін – законсыз зорлық.

Сыншының аппаратты қорғаштап сөйлеуі өмір шындығынан туған іс болатын. Ол кезде Қасымға «Өрескел саяси қателер» жасады деп айып тағушы ҚК(б)П ОК-нің өзіне де қауып төнген тұс. Қазақтың ұлттық қайраткерлеріне зорлық-зомбылық, мәжбүрлеу, көндіру әрекеттердің бәрі 1952 жылы октябрьде өтетін ВКП (б) 19 съезінің алдында өз бастарын аман алып қалуға

жанталасқан дайындық шараларының бірі еді. «Правда» газетінің «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан сөз ету туралы» атты мақаласы жөнінде ҚК(б)П ОК-нің 1951 жылы 10 сәуірде қаулысы шықты, ондахатшы Шаяхметов жолдас БК(б) Орталық Комитеті басшылығымен идеологиялық майданда жіберген елеулі қателіктерді ақырына дейін түзей алады деп серт береді. ҚК(б)П ОК «ақырына дейін түзей алады» деген сертіне адалдығын жиырма сегіз жыл өткеннен кейін де 1979 жылдың 14 желтоқсанында тағы да бір мәрте нақты іспен дәлелдеп шықты. Біздің сұрау салуымыз бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, мұрағатта сақтаулы жатқан (708 к., 83 тізім, 96 іс, 46-54 пп.) 1979 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «О работе ректората и парткома Карагандинского государственного университета по идейно-политическому воспитанию студентов и совершенствованию подготовки специалистов в свете требований XXV съезда КПСС» туралы қаулысын және оған қоса: 9 парақ 1 данада қосымша құжаттардың көшірмесін жолдады. Бұл құжаттың құндылығы мынада. 1951 жылы «саяси аппарат» ақын Қасым Аманжоловқа қарсы қандай қулық-сұмдық амал қолданса, тура сол тәсіл 1979 жылы ректор Ебіней Бөкетовке де қарсы жұмсалған екен. Ректор Ебіней Бөкетовке қатысты ҚК(б)П ОК-нің қаулысында 1976 жылдың наурыз айының басында өткен КПСС-тің XXV съезіне сілтеме жасауы өздері үшін орынды, заңды көрінеді. Үйткені, қылған істері 1977 жылдың 7-ші қазанындағы СССР-дің конституциясына сәйкес келетін. СССР-дің жаңа конституцияның 6-шы бабында КПСС-тің – орны конституциялық құрылыста заңды түрде бекітілді: «Руководящей и направляющей силой советского общества, ядром его политической системы, государственных и общественных организаций является Коммунистическая партия Советского Союза.» Бұл конституциялық норма 5.01.1920 жылы Ресей коммунистік партиясының (большевиктер) Қазақстандағы біртұтас Орталығын құру туралы қарарында көзделген «біз саяси басшылар және ұстаз болып табыламыз» деген 1917 жылдан іс жүзінде (де-факто) жүргізіліп келе жатқан ұстанымын түпкілікті заңдастыруы (де-юре) еді. КПСС саяси басшы болса, ол, Советтік

мемлекетте орын алған жаппай саяси қуғын-сүргінге бірден бір жауапты заңды тұлға болып танылуға жатады. СССР конституциясында КПСС-тің Советтік қоғамның басқарушы және жол нұсқаушы күші, оның саяси жүйесінің, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзегі болып табылады делінген. СССР Конституциясында КПСС – күш деп ашық айтылып отыр, бұл «әлді жықпақ бай жеңбек әуел бастан» дегендей, Совет үкіметі, партия, қоғамдық құрылымдар толықтай саяси аппараттың билігінің қоластына көшті де, партиялық бақылау, қадағалау деген уәжбен әркімнің, барша қоғамның, бүткіл мемлекеттің тыныс- тіршілігі тымырсық түнек түрмесіне қамалды. Саяси аппараттың тар қапасында қатардағы қарапайым қараңғы саналатын қара шаруа ғана емес, олармен бірге көзіқарақты қара таяқтар да күн кешті. Мысалы, ҚК(б)П ОК-нің бюро отырысында, (хаттама №86, 8-пункт, 14 желтоқсан 1979 ж.) академик Е.А. Бөкетовті Қазақстан Компартиясының XIII, XIV съездерінің делегаты, Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі болғанына қарамай оны ректорлық орнынан алып тастауға ұсыныс жасалды. Ректорат пен парткомға қойылған ең басты айып студенттерді идеологиялық – саяси тәрбиелеу ісі КПСС-тің XXV съезінің, Қазақстан Компартиясының XIV съезінің талаптарына сай болмай шығуы. Ректор Е.А. Бөкетов КПСС мүшесі, сол себепті оны қызметтен кетіруді Қарағанды облыстық партия комитетіне жүктеді. Облыстық партия комитеті Бөкетовті шақырып алып бюроның қауысымен таныстырған соң ректор өз еркімен кету жөнінде өтініш жазады. Е.А. Бөкетовтің университеттің ректорлық қызметтен босауының себебін жазушы Медеу Сәрсекке «Ебіней Бөкетов» атты ғұмырнамасында ректор мен бірінші хатшы Д.А. Қонаев екеуінің арасындағы бақталастықтан көреді де, елдегі билік иесі талантты тұлғаға жол бермеген, жазықсыз қудалап, күнкөрсетпегенге саяды. Әрине, о заманда да, бұл заманда да күш сынасқан күндестіктің болғанын, болып жатқанын жоққа шығаруға да болмас. Дегенмен, біз бұл жерде тек жоғарғы оқу орны- университеттің ректоры «саяси аппараттың» шешімімен лауазымды қызметінен босатылғанына тоқталып отырмыз. Е.А. Бөкетов университеттің ректорлығына 1972 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің ұсынуымен тағайындалған болатын, 7 жыл өткен соң обком ЦК-ның өткізген

тексерісінен кейін, бюроның нұсқауымен ректорлықтан алыптасталды. Ректор Бөкетов КПСС мүшесі болып табылатындықтан партияның Жарғысы мен ұйғарымына қарсылық білдіруіне реті де, дәрмені де жоқ еді. Бюроның шешімімен келіспесе партиядан шығарылып тастарылар еді де, басқа бір ғылыми, оқытушылық жұмысқа ілігудің өзі мұң болмақтың. 1951 жылы Қасым Аманжоловты да Орталық Комитеті партия қатарынан шығармақ үшін «Әдебиет және искусство» журналында сын мақала жариялауға нұсқау берген. Партиядан шығарып алса, Жазушылар Одағынан кетіру жеңіл, қаламгерлер ұйымынан кетсе, ақын жалғыз күнкөріс көзінен айырылар еді. Бұл саяси аппараттың өзінше ойлап тапқан «демократиялық» ойны болса, 1937 жылы жағдай басқашалай қалыптасты, ол жылы Қарағанды обком партиясы «халық жауын» әшкерелеу қажеттілігі туралы тікелей тапсырма берген. Қарағанды облысы 1932 жылы құрылған, облыс орталығы әуелде Петропавл қаласы, 1936 жылы Қостанай және Солтүстік Қазақстан облысы бөлініп шығып, облыс орталығы Қарағанды қаласына ауыстырылды. Сол себепті Қарағандыда ЦК ВКП (б)-ның Қарағандыоблысы бойынша ұйымдастыру бюросы құрылып, оның бірінші хатшысы болып Г.И. Пинхасик тағайындалды. 1937 жылдың 10 қарашасында III- партиялық областық пленумда: « Вопрос о Балхаше надо будет разобрать на заседании Бюро. Факт остается фактом, что Прибалхашский райком ни одного врага не разоблачил». Пинхасик «жауды тап» дейді. Бюроның келесі отырысында дейін Балхаш өңірлік партия комитетіне бір «жауды» қалай болса да табу керек-тің. Таппаса, өз бастары саяси саудаға түседі, себебі Пинхасик хатшылығымен қоса, НКВД-ның халық комиссары Н. Ежов ойлап тапқан, «особая тройка» – ның мүшесі, бұл соттан тыс саяси репрессияның органы болатын. 1979 жылдың Бюросы ректорды орнынан алуға ұсыныс берсе, 1937 жылдың Бюросы «халық жауын» әшкерелеуге тапсырма берді. Партия мен Пинхасик айтты-бітті, өңірлік партком «халық жауын» жылдам тапты. Алыстан іздеп азаптанбай Балхаштағы кенбайыту фабрикасының инженері Төленов Жармұхамедті өндірісте зиянкестік істеді деген жалған айыппен 3 желтоқсанда қамауға алды. Төленов (үкім бойынша Тюленев) тергеуі бір жылға созылды, 1938 жылдың 18 қазанында ол 25 жылға бас

бостандығынан айыруға сотталып, Магаданға айдалды. (қ. 1680 т. 3, іс.122) Төленов Магаданда жүргенде 1940 жылдың 4 ақпанда Москвада 1936-1938 жылдары НКВД-ның бастығы болған Н. Ежов атылып тасталды. О, құдірет! Қаныпезер Ежов атылған 4 ақпан күні Төленовке қатысты айыптау үкімінің күші бұзылып, іс қайта тергеу жолданды. Төленов алты айдан соң Қарағандыға 1940 жылдың 29 тамызында оралып, Балхаш фабрикадасындағы қызметіне кірісті. Инженер Ж. Төленов, ақын Қ. Аманжолов, ғалым Е. Бөкетов үшеуі де КПСС мүшесі. Инженер Ж.Төленов Семейде алақұйын заманаларда 23 жасында 1924 жылы Ленин өлгенде партия қатарына өткен, ақын Қ. Аманжолов қан майдан даласында 33 жасында 1944 жылы соғыста партия мүшесі болды, ғалым Е. Бөкетов 23 жасында Алматыда бейбіт тіршілікте 1948 жылы студенттік кезінде партияға қабылданды. Үшеуі де партияға құдайдай сеніп өткен жандар. Үшеуі де Бюроның нұсқауымен заңсыз қудаланды, жәбір көрді, жапа шекті. Үшеудің ішіндегі жас шағынан үлкені инженер Ж. Төленов 1961 жылы аман-есен зейнетке шықты, Қарағандыда республикалық дәрежедегі зейнетақысын алып тұрып, 82 жасында өмірден өтті. Төленовтен жиырма төрт жас кіші Ебіней Бөкетов 58 жасында кенеттен қайтыс болды. Бөкетовтен он төрт жас үлкен ақын Қасым Аманжолов 1955 жылдың 17 қаңтарынан 18 қаңтарға қараған түнінде 43 жасында өмірден озды. Әрине, ол кезде ақынның неден өлгенін анықтайтын экспертиза өткізілмегені белгілі. Ақын сырқат еді, кейінгі жылдары жиі науқастанып қала берген, тұрмыс-тіршілігі, денсаулығы төмен адам-ты, бұрынан келе жатқан дерт алып кетті деуге реті келіп тұр.

Бірақ, ақынның «Мен не жаздым сонша соңға түскендей» өлеңінде баян еткен қорлығы мен қайғысы бізден Қасым Аманжоловты жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде құқықтық және саяси тұрғыдан ақтап алуды талап етуде. Біле білсек, құқықтық тәртіп тұрғысынан қарасақ Қасым Аманжоловтың «Мен не жаздым сонша соңға түскендей» өлеңі Мемлекеттік комиссияға ақынныңөзін заңды және саяси тұрғыдан ақтауды сұраған азаматтық өтініші, адамдық ұсынысы. Қасым Аманжоловтың жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының қатарына қосуға құқықтық негіз беретін дүниенің бірі – ақын Кенесары Қасымовтың көтерілісіне

байланысты саяси сынға алынып, осы себеппен қудалануы. ВКП(б) органы «Правда» газетінің бетінде 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласының басылуы бұл партияның екіжүзділігін көрсетеді. 1941 жылы Германия СССР-ге басып кіргенде Қазақстанда жауынгерлердің рухын көтеру үшін даңқты бабаларының ерлік істерін еске салғанда Кенесарының да аты аталған. Күркіреп соғыс та өтті, қауіп-қатерде сейілді, енді жаппай саяси қуғын-сүргінді жаңа күшпен жалғастыруға мүмкіншілік алдық деп «саяси аппарат» қазақ ұлтының адал ұлдарын аңдуға, алдауға, аулауға, атуға емін-еркін кірісті. Бұндай зымиян, сұрқия амал «саяси аппарат» тарапынан империя заманынан қолданылып келе жатқан іс еді. 1838 жылы Кенесары хан көтерілісіне қатысқан Қаракесектің Байбөрі табынан шыққан ауылдар 1845 жылы еліне орала бастайды. Олардың біразыбұрын ақ патшаның офицері Кудрявцевтің басқаруындағы казак отрядына шабуыл жасағандар екен. Патша әкімшілігі оларға қатысты қылмыстық қудалауды әзірше тоқтата тұруға шешім қабылдайды. Үйткені, іздене бастаса оралған қазақтардың арасында күмән туып, қауіптеніп, шекара асып кеткенімен қоймай, өздерімен бірге басқа жұртты да өздерімен қосаала кетуі мүмкін. Сол себепті, далада толық тыныштық орнағанға дейін тергеу ісін уақытша тоқтау қажет санаған. Патша әкімшілігі күте білген, олардан советтер де қалыспаған. 1943 жылдың 3 сәуірінде Семейдің облыстық соты Текебаев Азбанбайды РСФСР-дың Қылмыстық кодексінің 58-1 б.2, 58-11 баптарымен соттап ату жазасына кескен. Үкімнің кіріспе бөлігінде «Активный участник банд выступлений 1931 года» ерекше атап жазып қойыпты. Азбанбай да Кенесары ханның көтерілісіне қатысқан Байбөрілер тегінен. Органдар 1931 жылғы Абыралы көтерілісінің бастауы болған оқиғаны ұмытпай 11 жылдан соң 1942 жылдың 22 қарашасында қамауға алған. Батыста соғыс жаңа қызып жатқанда, шығыста жаппай саяси қуғын-сүргін ешбір тоқтау таппаған, ал 1951 жылы ол тіпті кең құлаш жайып қазақ ұлтын тұтастай қамтуға айналды.

Қ. Аманжоловты, Е.А. Бөкетовті, Ж. Төленовті, Текебаев Азбанбайды саяси репрессия сойқанына салған бар ресми құжатты шығарған, мәжбүрлеу, шектеу шараларын қолданған

«саяси аппараттың» түп иесі, қожайыны ВКП(б)-КПСС болатын. Сол себепті, КПСС, ВЛКСМ, Союз писателей СССР құрылымдарын, «Правда», «Известия» газеттерін, басылымдарын саяси репрессияға тікелей кінәлі деп танып, Қазақ елінің бар азаматтарын қаралап, намыс-арын қорлап «бандит», «вредитель», «враг народа» деп саяси жала жапқан бүкіл құқықтық-саяси құжаттарын заңсыз деп тауып, күші жойылды деп жариялауымыз қажет. Осы саяси шешімді Ақтау заңына енгізсек қана біз саяси қуғын-сүргін құрбандарын саяси-құқықтық тұрғыдан толық ақтап алуға мүмкіндік аламыз. Онсыз Қасымның «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей...» деген саяси-құқықтық сауалы жауапсыз қала бермек!

---